

Безаубекова Алмагүл Дәненқызы
ҚМПИ, филология ғылымдарының кандидаты
Қостанай қ.

АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАТИВТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

АННОТАЦИЯ

Мақалада ақпараттық-коммуникативтік технологияларды сабақ беруде пайдаланудың тиімді жолдары жайлы жазылған.

Түйінді сөздер: *ақпараттық, коммуникативтік, технология, инновациялық.*

АННОТАЦИЯ

В данной статье расписаны эффективные пути использования информационно – коммуникативных технологий в преподавании урока.

Ключевые слова: *информационный, коммуникативный, технология, инновационный.*

ABSTRACT

This article described effective ways of using information and communication technologies at the lesson.

Key words: *informational, communicative, technology, innovative.*

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың биылғы жылғы Жолдауында оқыту үрдісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу, педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор делінген. Осы Жолдауды қолдай отыра, оқушыларға білім берудегі басты мақсат жеке ұрпақтың білім деңгейін көтеру және жан-жақты жеке дамыған тұлға қалыптастыруға міндеттіміз. 21 ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір. Мұғалімнің басты мақсаты – қоғамның сұранысына лайықты ізгілік қасиеттерді бойына сіңірген тұлғаны тәрбиелеу болып табылады. Кез келген технология білім берудің мақсатынан бастап оның түпкі нәтижесіне дейінгі аралықтағы оқытудың әдістемелік жүйесіне енетін барлық компоненттің біртұтас ортақ мүддеге бірлесе қызмет етуінің тиянақталған жолы болып табылады. Қоғамның бүгінгі басты бағыттарының бірі – білім беру үрдісін ақпараттандыру. Қазіргі таңда ақпараттандыру үрдісі адамзат өркениетінің дамуының жаппай және қайталанбайтын кезеңі ретінде қарастырылып отыр. Білімді ақпараттандыру, әсіресе оның алғашқы баспалдағы мектепте енгізу – қоғамды ақпараттандырудың негізгі шарты. Себебі, мектепте жаңа ақпарат тандырылған қоғам жағдайында жұмыс істеп, өмір сүре алатын болашақ ұрпақтың дайындығы жүзеге асады. Интерактивті тақтадағы ресурстар кітапханасы арқылы суретпен жұмыс жасап, оқушының сөздік қорын молайтуға ықпал етеді. Елімізде болып жатқан әлеуметтік-экономикалық өзгерістер, күннен-күнге үдеп келе жатқан ақпараттар ағымдары, еңбек нарығындағы бәсекелестіктің артуы жоғары оқу орнын бітірушілерге нарығындағы бәсекелестіктің артуы жоғары оқу орнын бітірушілерге қойылатын талаптарды күшейтуде. Қазіргі кездегі білім берудегі мақсат – жан-жақты, білімді, болашаққа жаңа көзқараспен қарай білетін және өзгерістерге, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Оқытушының билік жүргізу әдісінен арылуы; оқыту кезінде білім беретін оқытушы емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын студент екендігі, студенттердің оқуға деген ынтасын күшейту, өз дербестігін дамыту.

Ақпараттық технологияны қолданып интерактивті сабақ өткізудің мұғалім үшін тиімділігі. Қазақ тілі пәнін оқытуда жаңа технологияларды пайдалану мұғалім үшін қандай маңызды болса, оқушы үшін мәнділігі бұдан кем емес. Жаңа технологиялар оқушылардың білім сапасын арттыруға, өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін молайтуға, қазақ тілі пәніне қызығушылығын арттыруға көп көмегін тигізеді. Жаңа технологияны жүзеге асыруда

мұғалімнің белсенділігі, шығармашылық ізденісі, алдындағы шәкірттің білімін бағалауы, оқу барысында шешуші роль атқарады. Бүгінгі білім беру технологиясында кеңінен қолданып жүрген В. Зенковтың «Дамыта оқыту», Ж. Караевтың «Деңгейлеп оқыту», сыни тұрғысынан ойлау. Н. Оразақынованың «Сатылай кешенді ойлау», М. Жанпейісованың «Интерактивтік-модульдік оқыту» технологияларын өз сабақтарында кеңінен қолданып келеді. Оқушыларымыз дүниенің кез келген жерінде білім алуға, қызмет атқаруға қабілетті, жаңа технологияларды және тіл меңгеру қабілеті жоғары, белсенділікке қабілетті болуға тиіс. Оқу процесінде компьютерлік технологияны қолдану ойды кеңейтуді іске асырып жаңа әдістің пайда болуына, оны ұйымдастыру түріне әкеледі. Компьютерлік оқыту бағдарламалары интерактивті тәртіппен компьютер арқылы қандай да болсын пәнді оқып-үйренуді көздейтін бағдарламалар болып табылады.

Ақпаратты коммуникативті технологияны жете меңгеру үшін электронды оқулықтар жұмыс оқудың сапасын көтереді. Оқушыларға ұнайды, қызығып орындайды. Бұл технологияның ерекшелігі – терең білім алу арқылы баланың дамуын қолдау болып табылады. Мектепте бірқатар инновациялық технологияларды оның ішінде әсіресе «ақпараттық коммуникативті» технологияны пайдалану арқылы оқушыларының білім сапасын көтеруде біршама тиімді.

«Білім беру реформасы табысының басты өлшемі – тиісті білім мен білік алған еліміздің кез-келген азаматы елінде қажетке жарайтын маман болатындай деңгейге көтерілу болып табылады.» Н.Ә.Назарбаев.

Қазіргі кезеңде елімізде білім беру жүйелерінде бірқатар өзгерістер енгізіліп, олардың жаңа ұлттық модельдері құрылуда. Орта мектепті ақпараттандыру бағдарламасы, жоғары және орта білім берудің мемлекеттік стандарттары, жоғары білімді дамыту стратегиясы жасалып және Қазақстан Республикасы 2005-2010 жылдар аралығындағы білім беру жүйесінің 2015 жылға дейінгі даму тұжырымдамасы жарияланып іске асырылу үстінде. Қай елдің болсын өсіп өркендеуі, әлемдік ортада алдыңғышептен орын алуы оның ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына, даму бағытына, қазіргі таңдағы оқытудың дидактикалық жаңа сипаты – жаңа оқыту технологияларын, оқу ақпараттарын ұтымды қолдану, шығармашылық оқыту түрлерін кеңінен пайдалануға байланысты. Дамыған елдердегі білім беру жүйесінде ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазіргі таңда елімізде білім беру жүйесінде жаңашылдық қатарына ақпараттық кеңістікті құруға ену басты мәселе болып отырғаны мәлім. Ақпарат мемлекеттің даму деңгейін анықтайтын стратегиялық қорға айналып, ақпараттық мәдениетті қалыптастыру, яғни өркениетті дамудың қажетті шарты болып табылады. Соңғы кезде біздің қоғамда болып жатқан ауқымды өзгерістер білім саласында да біраз өзгерістердің туындауына себепші болып отыр. Қазақстанда жаңа білім беру жүйесі қалыптасуда. Жаңа технология – мұғалімнің мүмкіндігін қуаттандыратын құрал. Жаңа ақпараттық технологияны сабақ барысында қолдану оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырады. Қазіргі ақпараттық қоғамда өндірістің дамуының негізгі құралы болып ақпараттық ресурстардың қажеттілігі айқын көрінеді. Сондықтан білім беру саласы да өзінің дамуы үшін жаңа қадамдарға баруда. Осыған байланысты тұлғаға ақпараттар кеңістігінде дұрыс бағытты таңдауға мүмкіндік жасай алатын оқытудың жаңа технологиялары пайда болып отыр. Жаңа ақпараттық технологиямен орындалатын қызмет өзінің кез келген нақты формасында тиімдірек орындалады, адам өркениетті бола бастайды.

Қазіргі кездегі білім берудегі мақсат – жан-жақты, білімді, болашаққа жаңа көзқараспен қарай білетін және өзгерістерге, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру. Осыған байланысты оқушылар шығармашылық әрекетін, білімді өздігінен ізденіс арқылы табудың жолын, жалпы педагогикалық принциптерді басшылыққа алу біліктіліктерін көтеру мәселесі қойылып отырғандықтан, білім беруді ұйымдастырушы – оқытушы мен білім алушы-студенттер арасындағы қарым-қатынас дәрежесімүлдем басқаша жаңа деңгейге көтерілуі тиіс. Осының негізінде оқыту әдістері мен оқу әрекеттері түрленіп, жұмыстың құрылымы да, мазмұны да, оны

ұйымдастырудың педагогикалық- психологиялық мақсаты да кешенді түрде өзгеріске ұшырады.

Қазақ тілі сабағы әрі тартымды, әрі қызықты, әрі сапалы болуы әр оқытушының өзіне, білім деңгейіне, кәсіби шеберлігіне байланысты. Оқу-тәрбие негізі – сабақ. Сондықтан сабақ тартымды, әсерлі, мақсаты айқын, қызықты және толық мәнді болуы тиіс. Ол – сонымен бірге басқа ұлт студенттеріне қазақтың әдебиеті мен мәдениетін, ғылымын, өнерін насихаттайтын пән. Оқытушы сабақты дұрыс жоспарлап, мақсатын нақты белгілеп алмайынша көздегеніне жете алмайды. Сабақтың мазмұнын, құрылысын, дәлдігін, жұмыс жүргізу тәсілін мұқият ойластыруы қажет. Сабақта жаңа технология ретінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалануда өткізілетін сабақтарды жоспарлаудың негізгі талаптары:

- Жағымды психологиялық орта жасау;
- Оқушының тіл үйренуге деген қызығушылығын (уәж, ынта, ұмтылыс) тудыруы;
- Ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен жұмыс істей білуге үйрету;
- Ақпараттық-коммуникативтік технологиялармен орындалатын жұмыстардың проблемалық болуы;
- Проблеманы шешуге және шешім қабылдай білуге үйрету;
- Кез-келген проблеманы шығармашылық тұрғыдан шешуге бейімдеу;
- Өзіндік пікір, идеялар, тұжырым, түсінік келтіру;
- Пікірін, тұжырымын, идеясын дәлелдей және қорғай білуге дағдыландыру;
- Өз бетінше орындауға берілген жұмыстарға үлкен жауапкершілікпен қарауға, шығармашылықпен орындауға үйрету;
- Оқушылардың өзінің үйренгені мен өз білімі туралы түсініктерін ортаға салып, бірлесе талқылап, олар туралы пікір алысуға мүмкіндік жасау.

Сабақта жаңа технология ретінде ақпараттық технологияны пайдалану сабақтың тиімділігі мен уәжін арттырып, білім берудің табысты болуына оң ықпалын тигізеді сөзсіз. Ақпараттық-коммуникативтік технологияны барлық деңгейлерде жүйелі пайдалану арқылы сабақтарда алынған ақпаратқа талдау жасай білуге, ақпаратты дұрыс таңдау жауапкершілігін қалыптастыруға және өз бетінше жұмыс істеуге дағдыландырады. Ақпараттық-коммуникативтік технология негізінде – оқытудың жаңа моделін құруға жол ашып отыр.

Ақпараттық технология сабақты түрлендірудің, ерекшелендірудің, дараландырудың тәсілі ғана емес, сонымен қатар сабақты жаңаша ұйымдастырудың мүмкіндігі. Ақпараттық технологияның көмегімен жүргізілетін сабақтарда – оқушы өзін белсенді және еркін, оқытушымен тең дәрежеде ұстай алады. Қазақ тілі сабағында ақпараттық технологияны енгізу арқылы сабақтың белсенділігін арттыруға, дамыта оқыту идеясын жүзеге асыруға, сабақты шапшаң жүргізуге, оқушының өздік жұмысының көлемін көбейтуге болады. Сондықтан сабақта ақпараттық және коммуникативтік технологияны кеңінен пайдалану үйреншікті, қалыпты жағдай ретінде қарастырылғаны жөн. Бүгінгі күні кез-келген оқытушы қазақ тілі пәні болсын, басқа пәндер болсын ақпараттық және коммуникативтік технологияны пайдалану арқылы әртүрлі сабақтарға әзірлемелер дайындап және оны жоғары деңгейде өткізе білсе, сабақтың тартымды әрі қызық болатыны анық... Сабақты интернет желісіне қосылған компьютер арқылы басқару – қазақша сөйлеуге үйренудің тиімділігін арттырып, оқушылардың ойлау қызметін белсендіреді.

Тіл үйрену қабілеті төмен студенттердің өзі де компьютерден берілген тапсырмалар арқылы сөйлесуге, ойын қазақша жеткізуге тырысады. Қазақ тілін үйретуде интернеттің мүмкіндігіне тоқтайтын болсақ, сөйлеу әрекетінің төрт түрінде (оқылым, айтылым, тыңдалым, жазылым) де пайдалануға болатыны белгілі. Яғни, ақпараттық технология – оқу орындарында білім жетілдіруші құрал. Білім беру үрдісін ақпараттандыру және жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарылату – бүгінгі күннің басты талабы болып саналады. Қазіргі кезде Қазақстанның білім беру мекемелеріндегі жеткіншек ұрпақтарды оқыту мен тәрбиелеу олардың бойында жеке тұлғалық қасиеттерінің жан-жақты

қалыптасуымен тығыз байланысты. Бұл мәселе дүниежүзілік қауымдастықта әлеуметтік-экономикалық, мәдени және рухани дамудың басты факторы ретінде қарастырылуда.

Қазіргі уақытта біздің қоғамымыз дамудың жаңа ақпараттық кезеңіне қадам басып келеді, яғни компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар педагогтар қызметінің барлық салаларына кеңінен еніп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Ақпараттандыру жағдайында меңгеруге тиісті білім, білік, дағдының көлемі күннен-күнге артып, мазмұны өзгеріп келеді. Білім беру саласында ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы білімнің сапасын арттыру, білім салаларының барлық қызметіне ақпараттық технологияны енгізу және ұлттық модельді қалыптастыру қазақстандық білім беруді сапалы деңгейге көтерудің алғы шарты болып саналады. Білім беруде ақпараттандыру процесі мұғалімнің дайындық деңгейі мен мамндық сапасына үлкен талап қояды, ол жас ұрпақтың жектеусіз қабілетін дамыта алатындай білім берудің әлемдік кеңістігін құруға қабілетті бола білуі шарт.

Мемлекеттік бағдарламада оқу үрдісіне педагогикалық және ақпараттық технологияларды кеңінен пайдалану – жалпы білім беруді дамытудың басты бағыттарының бірі делінген. Қазіргідей әлемдік ғаламдану процесі кезінде ақпаратты саралап, пайдалана білуі – бүгінгі уақыттағы басты мәселе. Осыдан кейін туындайтын мәселелердің бірі – жастарға сапалы білім, саналы тәрбие орта мектепте, колледжде, жоғары оқу орындарында білім беру ісін оқытудың жаңа инновациялық әдістермен толықтыру, оқытудың жаңа технологияларын іздестіру.

Ақпаратты талдай білуге, ақпараттық технологияларды тиімді пайдалана білуге үйрету. Ақпараттық технологияларды игеру қазіргі заманда әрбір жеке тұлға үшін оқу мен жазуды меңгеру қажеттілігі сияқты қажетті шартқа айналуы қажет.

Елбасымыз «Қазіргі таңда жастарға ақпараттық технологиямен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте-мөте қажет» деп атап көрсеткеніндей жас ұрпаққа білім беру жүйесінде ақпараттық технологиялық әдістер мен қондырғыларды кең көлемді қолдану маңызды. Осыған сай ақпараттық технологиямен компьютерлік желілерді пайдалану арқылы жүргізілетін оқытудың жаңа формаларының оқуымен кеңейіп келеді және бұл әрбір оқушының білім алу үрдісінде шығармашылық қабілетін дамытуға айқын мүмкіндіктер береді. Соның бірі электрондық оқыту жүйесі. Бұл жүйеде оқыту компьютерлік техника мен телекоммуникациялық желілерді қолдану барысында ұйымдастырылады. Телекоммуникациялық желілер оқытушы мен студент арасында қашықтық проблемасын шешеді және жедел байланысты ұйымдастырады. Қазіргі ақпараттық технология құралдары материалдарды әр түрлі формада (көрме, графика, дыбыс, анимация, видео) пайдалануға мүмкіндік береді.

Сонымен оқытудың электронды жүйесі – оқытушының оқыту құралдары арқылы интерактивті қарым-қатынас әрекеті үрдісін ұйымдастыруға мүмкіндік беретін жаңа ақпараттық-педагогикалық технология.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыты жаңа ақпараттық технологиялардың пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғарлатуды көздейді.

Әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің 2015 жылға дейін дамыту тұжырымдамасы.
2. Қазақстан Республикасындағы білім беруді дамытудың 2001-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы.
3. Н.Ә.Назарбаев: «Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 50 елдің қатарына кіру стратегиясы»
4. «Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы» Егемен Қазақстан газеті 16/І-2004 №5